

КЕРЕЙ

Сырдария бойында, Арал жағалауы мен Түркістан тоңірегінде жоңғарларды Қазақстан шегінен қуып шығу кезінде тайпалардың жалпы қоныс аударуымен бірге керейлер шығыс пен солтүстікке бет алған. Қоштың бүкіл бойында кей жерлер де жақсы жайылымдар кездесіп, кейбір рулар соларға орып тепкені де, қалғандары ілгері кеткен. Мысалы, Ісәй, Бекпазар аталары Шұбартау алқабында қалып, қалғандары Аягөз өзеніне әрі асып, Семей бекінісі жағына қарай көшкен, сөйтін оған шамамен екі күндік жер (15 нтақырымдай) жетпей, Үшқарауыл деген жерге тоқтаған. Ал ойда әлі де жоңғарлар бекеті бар еді.

Халық аңыздарында жоңғарлардың қуып шығарылуы мен қазақ руларының шығысқа қарай қоныс аударуы Абылай хан серіктерінің бірі Жәнібек батырдың есімімен байланыстырылады. Жәнібек батыр бастаған қазақ жауыпкерлері жоңғарларды барған сайын тықсыра қуып, ақырында оларды Маңырақ тауына Қызылсу өзенінің арғы жағындағы Сауыр жөтасы жүйесіне асырып жіберген. Сөйтіп, Керей рулары осы тауға қоныстанған. Сіргебаев Нұржақынның (1892 жылы туған) айтуына қарағанда, бұл жерлерге оның тәртіпті атасы келген, демек, керейлер бұл жерлерге XVIII ғасырда келіп ірге тепкен.

К. Струве мен Г. Потанин былай дей жазған: жоңғарлар қуып шығарылғаннан кейін «бұл жотаны (Сауыр М. М.) қырғыздар (қазақтар) өте тез арада мекендеп алды, 1780 жылы біз қырғыздарды Қабырғабазар өзені бойында кездестіреміз, олар атап айтқанда, сол кезде Қожаберген бастаған және 1750 жылға дейін Шарқұрбап өзенінің шығыс жағында көшіп жүрген керей руы... Қырғыздардың ең шығыс қоныстары Шарқұрбап, Бақанас өзендерінің бойында болған. Өткен ғасырдың ортасына осы кезге дейін қырғыздар Сауыр шебіне шектес Қапасқа дейін жылжыған, бұл 300 шақырымдай болады».

Жамкенов Жұртыбай (1901 жылы туған) мен Сымтықов Бегалының (1904 жылы туған) деректеріне қарағанда, Маңырақ тауы мен оның төңірегінде абақкерей тармағы және оның Қойлау, Байлау, Жәдік, Жастабау, Меркіт деген рулары (5кесте) қоныстанған.

Керейлер Маңырақ тауынан да солтүстікке көшкен. Олар азынаулақ қауым болып Ұлан өзенінің бойында, Шыңғыстай тауында, Ертістің оң жағалауындағы Белағаш даласының Жалқарағай деген жерінде қыстап, жайлаған.

Керейлер сонымен бірге Ертістің батыс жағындағы Қызылтауда арғындармен шектес те тұрған.

Аңыздарға қарағанда, XVIII ғасырдың бас кезінде Ақмоладағы Есіл өңірінде Есенберді және Есеібекті (5кесте) басқарған керейлер мекендеген. Олар жалпы рудың негізгі салушы Ақсарының немерелері еді. Ағайындылар арасында дау туады да, үлкені Ертіске көшіп барып, өз қауымдарымен Кеңтүбек алқабына қоныстанады. Есенберді солтүстікте мәддір көлдер мен жақсы жайылым барын есітіп, оның рәсетірін анықтау үшін шолғыншылар Ихібереді. Шолғыншыларға Үлкенқарой көлі ұнап, соған өз қазығып қағады, яғни, даладағы дәстүр бойынша, осы жерлерді өздеріне бекітіп алады. Кейін Есеібекті тармағы нақ осы жерге келіп қыстаған да, жаздығы солтүстікке қарай көшіп жүрген.

XVIII ғасырдың бас кезінде Баянауыл тауы мен Ерейментауда және XIX ғасырдың орта шенінде Қалмаққырғай тауынан басқа керей рулары (аталары) да осы жерлерге келген. Кенесары көтерілісі жылдарында кейбір Керей рулары Ақмоладағы Есіл өңірінен көшіп, Үлкенқарой, Теке көлдерінің төңірегіндегі жайылымдарға келіп қоныстанған.

Алайда керейлердің негізгі көпшілігі орталық және солтүстік Қазақстанды мекендеді. Ақмола даласына келгеннен кейін олар орманды тауларға, Сілеті өзені бойындағы ормандарға, оның жартасты жағаларына ірге тепті.

Кенесары көтерілісі кезінде олардың бір бөлігі онымен бірге оңтүстікке, ал басқа бір бөлігі солтүстіктегі орыс бекіністеріне қарай кеткен. Алайда бұл көтеріліс керейлердің

Ақмола даласына, таулары мен жазығына қоныстапуыы тоқтатқай жоқ. Олардың қоныс аударуы өздерінің Ертіс өңірі жайылымдарыиан, Омбы өңірі көлдерінеи ығыстырылып шығарылуына байлаысты ерекше күшейе түсті. Көшпенділердің шығыстан және солтүстік шығыстан қоныс аударуының жедел болғаны сонша, орыс шенеуніктері бұл кезеңді «керей кезеңі» деп атап кетті, өйткені сол кезде құрылған 81 қауымының ең көбі (32 қауым) керейлер қауымдары еді. Керейлердің бұлайша көтеріле көшуі өз руластарыиың санын көбейту есебінен өз биліктерін нығайтуға ұмтылған Құрсары руынап гаыққан Нөкербек және Тұрлыбек Қошаиов (5кесте Құрсары дан алтылшы буын) сұлтандардың есімдерімен байланыстырылады.

XIX ғасырдың 40жылдарыидағы мәліметтерге қарағанда, керейлер Ақмола, Аягөз, Қарқаралы, Көкпекті, Үшбұлақ және Амаиқарағай сыртқы округтері мен Семей, Омбы ішкі округтерінің жеріне қоиыстанған.

Осы болыстардың бәрі Ерейментаудың солтүстік беткейінде, Сілеті өзенінің бойында, одан әрі солтүстікбатыста Мамай, Итемген көлдеріне дейін көшіп жүрген. Болыстардың атауларында Ақсары және Құрсары (5кесте) руларыиың аталарына ат берген есімдер (этноимдер) бар.

1843 жылы Көкшетау приказынан Ақсары керейлердің 1 ауылы (15 шаңырақ) және Құрсары керейлердің 7 ауылы (167 шаңырақ), берілді. Бір ауылдап басқаларыиың бәрі Ертіс бойыида: Ақсары керейлер Семияр және Кривой станицаларыиың төңірегінде; Құрсары керейлер Осморыжская станицасына жақын Ертіс бойыида, 7ші казак полкінің, Бобров станицасының жерінде, Шарлақ және Айтмас станицаларыиың тұсында көшіп жүретін еді. Бұл жердің бәрі Омбы округтік приказының қарамағында болатын. Тек 1 ауыл ғана (11 шаңырақ) Ақмола округі шегіидағы Қын алқабыи мекендеген.

Барлық болыстардың біреуі (4ші) ғана Ақсары руының және оның Есенбақты атасының оқилдері (5кесте) ал қалғандары Құрсары руының бірнеше ұрпақтары децгейлерінен құралған.

Округтегі көшпенділер екі руға: Сибан және Ақсары рулары мен соңғысының Ақымбет, Әжідеген аталарына жатады (5кесте).

Бұл рулардың оқилдері Көкпекті сыртқы округіида де қоиыстаиған. 1839 жылғы деректер бойынша, округте керейлердің мынадай екі болысы болған: АқымбетКерей 170 ауыл (700 шаңырақ) Делбегетай тауыида қыстап, жаз кезінде Қызылсу өзеніи көшіп жүрген; 100 ауылдан (400 шаңырақ) тұратын СибанКерей болысы Доғалы және Көрке тауларыида қыстап, жаз кезінде Қызылсу өзені бойыидағы Арқат алқабын жайлаған.

Рубасыларынан түскеп өтініштерге сәйкес, 40 жылдар бойы Керей аталары Көкпекті округінің құрамына қосылған. 1840 жылы Ақсары руыиың Әяі және Ақымбет деген екі атасы Ресей бодандығыиа кіріп, осы округке берілді. Олар 1623 адамы бар 6 ауыл (370 шаңырақ) құрамында Керей болысын құрған.

1849 жылы Сибан руының 83 шаңырағы Көкпекті округінің 28ші болысына (19кестені қараңыз) қосылып, жақадан АқымбетСибанКерей болысы болып құрылған. Алайда көшіпқоиагы жерлері мен жайылымдары бұрынғысыиыша округ жерінеи, тіпті Қазақстан шегінен тыс болып қала бергеп. Олар Бийск округі, Колыван болысының Гилев, Карпов және Трусов деревияларының төңірегінде болды.

Көкпекті округіне қосылған 76 шаңырақтан тұратын бір ауыл Белағапі даласыидағы, Ертіс өзенінен шығысқа қарай жатқан Қараөзек алқабыида Локтев заводы маңыида көшіп жүрген.

Қарқаралы округінде 10 ауыл дан тұратын бір Керей болысы мекендеген, оның құрамыида 4960 адамы бар 1143 шаңырақ болған.

Қарқаралы керейлерінің қыстаулары Шоқмантас, Құсмұрын, Аршалы, Көкшетау, Тұлпар және т. б. өзендер бойыидағы көптеген аңғарларға орналасқан. Жаздыгүні Дегенделді

өзенінің бойына, Талдының бас жағына көшкен.

Бұл округте түрлі таксономиялық жіктердің қауымдары мекепдеген. Егер Сибан, Көшебе мен Балта бір этнонимнен (Танаш) тараған бір деңгейдегі ағайындылар болса, Самай мен Матақай жоғарыда аталғандардың бауыры Тарышыиың шөберелері, яғни олардың таксопомняльтқ Яхиктері негізгі рулық жіктерден үшінші ұрпақ (5кесте). Мұиың озі рулардың өсу, олардың бөлшектену, жаңа топтарға бірігу процесі және туыстықтың жаңа эпоним і иен (мысалы, Самай мен Матақайдан) есептеле бастауы қазақттың рулықтайналық құрылымы жүйесінде әлі де жүріп жатқанын тағы да дәлелдейді.

1844 жылы Аманқарағай округі негізінде Құсмұрыш сыртқы округі құрылды.

17.гер соңғы екі кестеде келтірілген мәліметтерді салыстыратын болсақ, 11 жыл ітпінде үш болыс, 582 шаңырақ кеміп кеткен. Бұл жайылымпың жетіспеуі салдарынаи болтай, яки отаршылар кейбір руларды жаңа жайылым іздеп, округтеи тыс жерлерге көшіп кетуге мәжбүр етті. Орынбор шекара комиссиясыпың мәліметтерінде дәл сол 1851 жылғы ведомоста корсетілмегеи Балта және Көшебе рулары туралы айтылады да, олар енді Орыбор ведомствосының жерінде, оның Шығыс жағында көшіп жүреді делінгеи. Керейлердің Кенесары Қасымов көтерілісіне қатысқаныи да ескермеуге болмайды, өның қосыныида Аманқарағай округінің 2000 қазағы, өның ішінде керейілер де болғаи.

Қазақстан жерінде облыстардың құрылуыпа байланысты (1868, 1891 жылдардағы реформа) керейлердің еңколемді жер алқаитары Ақмола облысыпың аумағында, одап азырағы Семей облысында болып шықты да, басқа облыстар құрамытда жекелеген қауымдары болды.

Ақмола уезінде Құрсары руы шығысында Сілеті озойының бойында, одан әрі батысқа қарай Ащыкол мой Қаттжығалы колдеріпе дейіпгі қең далапы мекендеген, ал мұиың озі рудың оңтүстіктегі шегі болғап. Құрсарылардың иелігі сол жерлердеп басталып, солтүстікте Итемген, Мамай колдеріпе дейін жәгге ру иолігінің солтүстік шекарасы Ақсу өзеніне дейіп созылыи жатқап. Қыстаулары мой жайлауыиың арасы жақып, Мамай, Итемген, Ащыкол (Құрсары иеліктерішң солтүстігі мен оңтүстігінде осындай аттас колдер бар), Қып, Шепдікол, Барлыкөл көлдерінің тоцірегіпде, Ақсу, Тасмола. Ақсуат өзоттдеріпің бойында, Қарабұлақ, Жалтыркол, Қып, Қырыққұдық алқаптарыида т. б. орналасқап.

Одап әрі Мамай көлі Итемген көлі Борай көлі Қамысты көлі шебіиң солтүстікбатысында Бурабай колдері мен Кокшетауға дейиігі жер Ақсары руыпың иелігі. Құрсарылар жоғарыда аталған колдерден басқа, Аталық, Жокей, Қымызкол (қазіргі Бурабай көлі) көлдері мой басқа да көлдер төңірегіе, Көкшетау, Бурабай тауларыиың ормаидары мен тау бөктері жайылымдарына, Сарымсақты, Сарыбұлақ, Тәттімбет өзендерінің алқабында т. б. орналасқан.

Керейлердің бір бөлігі Сілеті озенінен Ертіс, Ом озеппдері жағына кеткені бұдан бұрын айтылған болатып. Омбы уезі құрамына кіргеи қауымдар иақ солардан құралды. Осы уезд өңіріне Ертістің Павлодар өңіріпеи де керейлер келгои.

Уезд аумағында керейлердің ең көп рулары құрсарылардың Сақал, Бурас, Дуадақ, Төбет, Сары аталары (5кесте), Матақай (Құдас аталары), Бесқара атасы. Құрсары руы аталарының қоныстары Үлкеи Қарой көліиң солтүстігі метт шығысыиа (Сақал атасы), Теке келінің төңірегіпе және одан әрі солтүстікшығысқа қарай Ом озейиіе дейін (Бурас атасы), Сілеті, Теңіз көлінің шығыс, солтүстік және батыс жағыиа (Дуадақ, Тобет аталары) орпаласқан. Сары атасы Ертіс бойында, Ом өзеиі құяр жерде, соидайақ Омбыпың батысына тамап көиіп жүрген. Ақсарылар Үлкеи Қарой көліиң шығыс жағыттдағы даланы ғана мекендегеп (Ақымбет атасы).

Жазғы жайылымдары: Құмдыкол көлі, Қаратекер, Майлыағаш, Тонат дегей жерлер, Ұлыкол көлі, Қосқоңыр алқабыт, Талдытсай, Ақымбет озопдеріпің боны т. Б.

Омбы уезіздегі Покров, Қорған болыстары керейлердеи құралған.

Олардың біріншісінде 9829 адамы бар 196 ауыл. екіншісінде 5883 адамы бар 101 ауыл болса, екеуін бірге қосқанда, барлығы 15712 адамға жететіні 297 ауыл болған.

Солтүстік Қазақстан керейлері Петропавл уезінің құрамына ейді. Адам саны ең көптері Сибан, Көшебе және Балта рулары. Керейлер уездің солтүстікбатыс жағында, Есіл өзенінен Обаған озепіне дейінгі, уездің оңтүстік жағында Түнтүгір өзенінен (шығысында) Обаған өзеніне (батысында) дейінгі Ллерде иеғұрлым жинақы тұрған.

Тарышы руының Самай атасы Шұбаротты, Саиғаш алқаптарында қыстағап. Бұл алқап Міпгесер көлінің атымен аталған Міпгесер ормаиында. Жаздығүі Көккөл, Сасыққошқар көлдерінің маңайы жайлағаи. Самайлар және Мінгесер болысы болып, ксіішеп Преспов болысыпа қосылғаи.

Көшебе руының Таузар атасы самайлар иелігінің солтүстігіне таман, Бақырлгеи, Майлығаш. Аралағаш, Сатыбалды т. б. жерлерді қоныстанған. Жазда Шошқалы коліи, Сасыққошқар, Алықаи, Қоралы жайылымдарын мекендеген.

Көшебе руының Жарқайың коліне жапсарлас жатқан иеліктерінің солтүстік жағындағы даланы Сибан руы көпыстанғап (Күптимес, Қарпығалы, Қаратерек, Сүлуөзен деген жерлер).

Уездің солтүстік шет жағында Сибан, Көшебе, Балта руларының бірге қыстап, бірге көшіп жүруі жиі кездескен. Бұл жерде Ақсары, Құлсары руларының да бірнеше ауылы қанаттаса жүрген.

Балта руы туралы сәл тоқтала кеткен жөи. Басқа рулармен салыстырғанда адам саны аз болса да, ол керейлер арасында мейлінше құрметтеледі. Бұл рудың өкілдері басқа Керейдің рулары арасында шағын төп болып тұрыи, солармен бірге қыстайды және жаз жайлауға да бірге аттанады.

Петропавл уезінде керейлер 509 ауыл құрып, оларда 4380 қожалық болды, бұл олардың жалпы санының 38,5 проценті еді.

Семей облысының құрамына енген керейлер Зайсан, Өскемен, Қарқаралы уездерінің аумағында неғұрлым жинақы тұрды және Павлодар, Семей уездерінде шағыи топтары орналасты.

Қарқаралы уезінде Керей тайпасының екінші ірі аталары Абақ керейлер мекеидеді. Қаралып отырған уезде бұл аталардың өкілдеріпеп Жастабан руы мен оның Қосай, Бекназар деген аталары қоныстанды. Бұл аталар уездің шығыс жағында Шыңғыс жотасынан солтүстікшығысқа қарай, Ащысу мен Шаған өзендерінің арасына орналасқан Шұбартау жазығын, Бақанас өзенінің бойын мекеи еткен. ҚосайНұралы, Сарыбай, Малмыр, Қаса аталарынан тұрды; Бекназар, Шоқантай, Қожакелді, Малдыбай, Можак аталарығаа болінді (5кесте). Қосайларда 1477 қожалық, ал бекназарларда 1098 шаруашылық болып, олар Дегелең, Бақанас болыстарына бірікті. Бұл аталардың шағын топтары Нұра, Жарлы озепдерінің аралығыпа (уездің солтүстігінде) қоныстанды.

Зайсаы уезінде Кендірлік болысының көпшілігі абақ керейлер болды. Болыс шығысында Қытаймен шектесіп жатты; оның (болыстың) солтүстік шекарасы Қаратал және Жеменей өзендерінің, батысында Үйдепе өзенінің бойымен, оның ағысы бойлап жоғары қарай Сауыр жотасына дейін барды, өңтүстік шекарасы Сауыр жотасымен өтті. Осы аумақта Кендірлік болысындағы абақ керейлердің 9 старшыны орналасты. Болысқа абақ керейлердің 1757 шаруашылығы біріккен, олардың басты рулары мына жерлерге қоныстанған: Жастабан Сауыр жотасының солтүстік баурайын қыстаған; Меркіт Сауыр жотасының солтүстік баурайында, сондайақ Кішкепетауда, Шірікқайың бойында, Кендірлік өзеиінің аңғарында және Сауырдың оңтүстік беткейінде қыстаулары болған; жайлауы Алтайдағы Қыран, Қобда өзендерінің аңғарында орналасқап. Меркіт руының өкілдерін орыс саяхатшылары скінің біріпде осы өлкеиің таулықтары деп атайды, өйткені олар жылдың көп маусымыи тауда өткізетін еді; Жәитекей руы Шілікті және Кендірлік өзендерінің аңғарында, Тарбағатайдың

солтүстік баурайында қыстап, Қыран, Қобда, Сақай өзендерінің аңғарын, бірнеше ауылы Қара Ертістің бас жағыи жайлаған; Ителі руы Бурылтоғай тоңірегінде, ондаған шаңыраң Кендірлік аңғарыида қыстаған; жайлауы Қара Ертіс аңғарыида болған; Шеруші руы Қырапның төменгі ағысында, Қобда өзеіі аңғарыидағы тауларда, Жайыр тауыида қыстаған.

Г. Е. ГруммГржимайлоның мәліметтері толық емес, кейін ел ішіен жиналған материалдарға сәйкес, абақ керейлер алып жатқан жер аумағы мынадай: қыстаулары Қаратал, Кендірлік өзендерінің бөйы, Сайқан тауы (Сауыр жөтасы сілемінде), Теректі, Темірсу, Жемепей, Үйдепе, Қызылқыз өзендері, Жалпаққарағай деген жер. Аба өзенінің бөйы, Алтай және Қарой деген жерлер. Олардың жайлайтын жері Алтайда: таулардың ортасыидағы көптеген арынды өзендер келіп құятын Бұғымүйіз көлі, Сарылтай үстірті, Шыбырағаш, Ақжай, Үшқұрмыиқөр, Кокжота алаптары. Жаз жайлауы Сауырда: Сәмеи, Үлкен, Жеменей, Темірсу, Үйдеие өзендері.

Азынаулақ абақ керейлер Нарып және Бұқтырма озендерінің бас жағыида, әсіресе аталған жоталар арасыидағы Шыңғыстай асуы жазығыида көшіп жүрген. Абақ керей қауымдары Ұлансу (Ұланке) өзенінің бойыида қоныстанған. Абақ керейлер жеке старшын болған жоқ, оларда небөрі 146 қожалық болған, мұның өзі жалпы шаруашылық санының 0,85 проценті ғана. Олар негізінеп Өскемеи уезіи мекепдеген пайман рулары арасыида бірге ілесіп ік'үрген.

Жайылымның жетіспеуі абақ керейлерді алые солтүстікке Сібір губерниияларыида және оңтүстіктегі Қытай шегіпе көшіп кетуге мәжбүр еткені жоғарыида айтылды.

1900 жылдың желтоқсан айыида Алтай діни мпссиясышың бастығы Бийск епископы Сергей был аи деп жазған: «Қосағаш селосыида жақыи жерде (ТаулыАлтай аитоиомиялы өблысындағы Чуя (Шу ауд.) өзенінде) бірпеше жылдап бері біздің жеріиізде шағып мемлекет, дәлірек айтқанда: еркін сұлтапдық бар. Опың негізіп салушы бір кезде Қытай жеріие қашып кеткен Семей қырғызының баласы, өзін еркіп сұлтан деп атаған Әбділда (Абдолла ред.) дегеп қырғыз (қазақ М. М.)... Еркіндік сүйгіш қырғыздарды мұнда кең жайылым, байтақ жер, алымсалық салынбауы, бастықтар;иың болмауы қызықтырады. Жаз кезіиде олар Алтайдың Арғыт, Жазатыр және Қарақан озондерінің бас жағыидағы өте биіктегі, адам жсте бермейтін ну ормандарыида Қытай шекарасыида жақығи жерде көшіп жүреді де, күзге қарай Чуя (Шу ред.) жазығыиен Қосағашқа түседі». Епископтың мәліметтеріме қарағанда, олардың саны 200дей шаңырақ. Жергілікті тұрғындар, телеуіттер меи орыстар Қосағаш қазақтарыидап қысым коргендеріиен шағым айтуда, соидықтан епископ «бұл орданы Қытайға болсаида, Чуядап басқа бір қашығырақ жерге аударып жіберуді» сұрайды.

Олардың қай қазақтар екепш, қандай руға жататыиын және олардың қайдап келгенін мына құжаттан көруге болады. 1900 жылғы 16тамызда Томск губернаторы Дала генералгубернаторыида мынаиы хабар лады: 1893 жылы өз адамдарыиен бірге Бийск округінің Қосағаш алқабыида жақын жерде көптен бері көшіп жүрген қытай боданы Әбділда (Абдолла ред.) өзіне бағынышты қазақтармеп бірге Ресей бөдандығыида қабылдауды сұраған. Министрлер көмитетінің қазақтарға Құлыпды даласы шегіиде көшіп жүруіне рұқсат ету туралы 1880 жылғы 22қарашада бекіткен ережесіие сәйкес, оларға жалға алыи уақытша пайдалаиу құқығыиен Қалғұты және Узек озендері аңғарыидағы бос жерлер бөлінген. Шыңғыстай қазақтары сияқты, «керей, наймаи тайпасыиан» тараған Қосағаш қазақтарыида бұрыш Ресей боданы болмаған және бастаиқыида Семейі об лысы шегіиде тұрыи, сод аи соң Монғолияға кетін қалған. XIX ғасырдың 80жылдарының бас кезінде олар Ресей шегіне қайтып келіп, 1900 жылғы 30маусымда Ресей бодандығыида қабылдаиған.

Семей облысының вицегубернаторы 1900 жылғы 2желтоқсаида Дала геиералгуберпаторыида жолдаған хатыида кейбір мәліметтерді былай деп аиықтай түседі: «...Бийск округі шегіпдогі Қосағашта тұратын қырғыздар 1867 жылы... орыс бодапдытғын қабылдаудан бас тартып, Қытай шегіне отіп кеткен қырғыздар, ал содан соң олар дүнген

көтерілісі (Шыңжаңдағы М. М.) кезінде орыс шекарасынан өтін, Қосағашқа көшін келді де, осы кезге дейін Томск губерниясының жерінде тұрып жатыр. Аталған қырғыздар 100 шаңыраққа жетеді... Олармен бірге көршілес Өскемен уезі Шыңғыстай болысының 100 шаңырақтан астам қырғыздары көшіп жүр, себебі олардың тіркелген орындарында бос жер жоқ».

Сопымен, жаңа жайылымдар іздестіру абақкерейлерді Қытай мен Монғолия шегіне көшуге мәжбүр етті. Көптеген керей рул ары еліміздеі тыс жер лер де қалып қойды: олар Монғолияда Баяиөлгий аудаиының негізін құрады, Қытайда орталығы Сарысүмбе (қазіргі Алтай қаласы Ред.) деп аталатын округ болып, Алтай боктеріне қоныстанды.

Керейлердің жеке қауымдары Семей уезінде: Ертістің сол жағалауындағы Озерный поселкесінен Пьяноярск поселкесіне дейінгі 10 шақырымдық өңірмен шектесетін жерлерде де тұрды; Ертістің оң жағалауындағы Белағаш даласында да едәуір көшпенді керейлер мекендегеи.

Олар барлығы 12 525 шаруашылық бөлып, екі болысқа бөлінген, азынаулақ топтары Орта жүз тайпаларының басқа болыстарына да енген.

Ертіс өңірі керейлері бірінші аталарға негізінен, жоғарыда, айтылғанындай, Орталық және Солтүстік Қазақстанда қоныстанған ашамайлыларға жатқан. Семейдегі ашамайлы керейлер Ақсары, Құрсары, Сибан рулары болған. Павлодар уезінде ашамайлыкерейлерден небәрі 376 шаңыраң болып, олар Ертістің сол жағалауында Бобров поселкесі тұсында қоныстанған.

Керейлердің бірнеше қауымы Ұлы жүздің жерінде Лепсі уезінде Нарын өзеиіндегі Қарашиен, Берікқара алқабында, сондайақ Аягөз өзеніндегі Көктал алқабында орналасқан.